«Ақ тілек» бөбекжай бақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының № 2 хаттамасы

Күні: 03.08.2026

Өткізілген орны: ЖК «Ақ тілек» «Ақ тілек» бөбекжай бақшасы

Төрайымы: К.Т.Атчибаева «Ақ тілек» бөбекжай бақшасы құрылтайшысы

Хатшы: Жауғаштиева А.С.

Қатысқандар :Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

1.Құрылтайшы Атчибаева К.Т.

2.Меңгеруші: Абуова А.О.

3.Тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1.2024-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау.

Тыңдалды:

К.Т.Атчибаева өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы Өзін-өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқытудың әрекетін ұйымдастыру бойынша 2024-2026оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады.

-білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012жылдың 20желтоқсанындағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары:
-іс-әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар,күн тәртібі,циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары:
-МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары;
-Баланың даму мониторингіжәне нәтижелері;
-педагогтардың перспективалық жұмыс жоспары;
-апталық оқу жүктемесі;
Комиссия мүшелері 2024-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу мен оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.ӨЗін-өзі бағалау,бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындылап ,комиссия мүшелерінің дауысқа салумен қорытындыланды. Сөз сөйлеген А.О.Абуова меңгеруші.Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып ,бөбекжайда тәрбиелеу мен оқыту прцесі Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған деп есептеймін.2024-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігі қаралып ,олардың толық сақталғаны анықталды.

Шешім:1.Ақ тілек» бөбекжай бақшасының 2024-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалауы МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Атчибаева К.Т.

Хатшы: Жауғаштиева А.С.